

Алмалы ауылдық округінің Жагоркөл елді мекені аумағында қарасан ауруының тіркелуіне байланысты шектеу іс-шараларын енгізіп, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Алмалы ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы N 17 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 желтоқсанда N 7-2-111 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Алмалы ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы N 20 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Алмалы ауылдық округі әкімінің 2010.12.30 N 20 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарын басшылыққа алып, Батыс Қазақстан облыстық ветеринариялық зертханасының 2010 жылғы 2 желтоқсандағы N 595 актісіне сәйкес, Ақжайық ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2010 жылғы 6 қарашадағы Ақжайық ауданының Алмалы ауылдық округінің Жагоркөл елді мекені аумағында қарасан ауруы шығуына байланысты карантин салу туралы N 815 ұсынысын қарап **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Ақжайық ауданы Алмалы ауылдық округінің Жагоркөл елді мекенінің аумағында қарасан ауруының тіркелуіне байланысты карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық р е ж и м і б е л г і л е н с і н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

3. Шешімнің жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясының Тайпак ауылдық округінің ветеринариялық-санитариялық инспекторы Б. Қыдырғожинге ұсынылсын (келісім бойынша), "Алмалы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мал дәрігері О. Сүлейменоваға тапсырылып, бақылауды өзіме қалдырамын.

Алмалы ауылдық округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы Г. Куаншалиева

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
Ауылшаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіп кешеніндегі
мемлекеттік инспекция
комитетінің Ақжайық аудандық
аумақтық инспекциясы мемлекеттік
мекемесінің бастығының у.м.а.
-----Қ. Қ. Ермұқашев

07.12.2010 ж.

ҚР АШМ МИК АӨК Ақжайық аудандық
аумақтық инспекциясының аумақта
ветеринариялық-санитарлық бақылау
ұйымдастыру бөлімінің бастығы
-----А. А. Абұғалиев

07.12.2010 ж.